

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 995 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Ақмола облысының әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл" орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерлері санатынан жалпы ауданы 0,83 гектар жер учаскесі өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электр беру желілерінің құрылысын салу үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесін "KEGOC" акционерлік қоғамына беруді қамтамасыз етсін.

3. "KEGOC" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын республикалық бюджет кірісіне өтесін, екпелер кесілген жағдайда алынған сүректі мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 21 қарашадағы
№ 995 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы	оның ішінде:		

	, гектар	орман көмкерген	орман көмкермеген	жайылымдар
"Ақмола облысының әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл" орман шаруашылығы мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	0,83	-	-	0,83
Барлығы:	0,83	-	-	0,83

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК